

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚК
2022 жылғы 15 ақпан 23 ақпан аралығында
уақытша (негізгі қызметкердің демалыс мерзіміне)
арнайы пән оқытушысы бос лауазымына
конкурс жариялады.**

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау 2022 жылғы 24 ақпанға дейін жүргізіледі.

Уақытша бос лауазымның атауы: барлығы 716 (жеті жүз он алты) окусағаты мөлшерінде педагогикалық жүктемемен арнайы пән оқытушысы (мемлекеттік және орыс тілдерін жоғары деңгейде білу) шартымен

Лауазымдық міндеттері:

Оқу және оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың окуын әдістемелік ғылыми деңгейде өткізеді, олардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және бақылайды.

Оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес оқыту бағдарламаларын әзірлеу және орындауға қатысады, білім алушылардың білім сапасына жауап береді.

Оқу процесін жетілдіру жөнінде ұсыныс жасайды.

Білім алушылардың жеке қабілеттерін, мұдделерін және бейімділіктерін зерделейді.

Білім алушыларда кәсіптік шеберліктер мен дағдыларды қалыптастырады, алған білімдерді тәжірибелік қызметте қолдануға оларды дайындайды, бітірушілерді даярлаудың сапасын қамтамасыз етеді.

Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен деңсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғау талаптарын орындаиды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және жұмыс стажына талап қойылмайды.

Және (немесе) біліктілігі орта және жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл, педагог – сарапши үшін-кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші кемінде 4 жыл, педагог – шебер үшін-5 жыл.

Еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары: Мерзімдік еңбек шарты негізінде екі айлық сынақ мерзімі тағайындалуы тәртібімен, орташа лауазымдық айлықақы 90 000 мың теңгеден басталады,

Уақытша бос лауазымға кандидатпен әңгімелесудің тақырыптық бағыттары:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Зандарын, Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери есеп мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілері,

білім алушыларға білім және тәрбие беру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілері;

ғылыми-әдістемелік, үйымдастыру-басқару мәселелерін шешу үшін қажетті көлемде жалпы теориялық пәндер негіздері;

педагогика, психология жастиқ физиология, гигиена негіздерін;

тәрбие жұмысы мен оқытылатын пәннің әдістемесін, оқу жоспарлары мен бағдарламалары;

оқу кабинетін жарактау мен жабдықтау талаптары;

оқу құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндігі; педагогтік ғылымның дамуының негізгі бағыттары.